



Автор: Баисейтова Гульнар Токтасыновна
Бағдарлама тарауы: Ересек топ
Жас тобы: Сурет салу
Білім беру саласы: Табиғаттың гүлденуі
ҰОҚ тақырыбы: Гүлдер әлемі

| | |
|-----------------------|---|
| ҰОҚ мақсаты: | Гүлдерді елестету бойынша суретін салады, және адам өміріндегі маңыздылығын біледі. Бақ гүлдерді, бөлме гүлдерді ажыратады |
| Сөздік жұмыс: | Бақ гүлдері |
| Рефлексия | Сендер бүгін не туралы білдіңдер? Гүлден не жасауға болады? Гүлдер несімен әдемі? |
| Әдіс-тәсілдер: | Әңгімелеу, көрсету, экран арқылы слайд көрсету, жұмбақ, ресурстар арқылы топқа бөлу |
| Құрал-жабдықтар: | ресурстар, интербелсенді тақта, қылқалам, түрлі-түсті бояулар, гупка, доп. |
| АКТ ресурсының атауы: | Интерактивті тақтамен жұмыс, презентация |
| Пәнаралық байланыс: | шығармашылық, қоршаған ортамен таныстыру |
| Алдын-ала жұмыс: | Педагог ғажайып гүлдер қалашығына саяхат жасайтынын хабарлайды, балаларға әдемі раушан гүлдерін үлестіріп береді. Балалар гүлдің жұпар исі, түсі, құрылысы (сабағы, күлшелері) туралы әңгімелейді. Балалар бөлме, бақша гүлдерін салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды оларды сипатайды. (жапырақтардың сабағын, гүлдерді, олардың көлемі т.б.) Педагог балалардан гүлдің атымен аталатын қандай есімдерді білетінін сұрады. (Гүлім, Раушан, Роза, Қалампыр, Қызғалдақ, Лилия т.б.) суреттегі гүлдердің аттарына сәйкес өз есімдерін атайды. (мен – Раушанмын, мен – Розамын, мен – Лилиямын) Бақ гүлдерімен бақша гүлдері және бөлме гүлдерінің айырмашылықтары неде? Педагог алдын ала орта дайындайды, ресурстар таратып береді. Балалар өздері қалаған гүлдерін таңдап алады, таңдап алған гүлдерімен екі топқа бөлініп, гүлдерді көз алдына елестету арқылы суретін салады. Педагог балаларға жаппай және жанама бақылау жасайды. Балалардан бақ гүлі не себептен ұнайтынын сұрау арқылы әңгімеге тартады. |

ҰОҚ барысы

| ҰОҚ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--------------------|--------------------------------|-----------|
| ҰОҚ кіріспе бөлімі | «Тілек шоғы » жылулық шеңбері» | |

| ҰОҚ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------|---|-----------|
| ҰОҚ негізгі бөлімі | <p>Педагог ғажайып гүлдер қалашығына саяхат жасайтынын хабарлайды, балаларға әдемі раушан гүлдерін үлестіріп береді.</p> <p>Балалар гүлдің жұпар исі, түсі, құрылысы (сабағы, күлшелері) туралы әңгімелейді. Педагог қолындағы гүлді жанында тұрған балаға есімін атап, жылы сөз айтып ұсынады. Бала педагогтың ұсынған гүлін өзінің гүлімен бірге тілек айта отырып, келесі балаға береді. Балалар кезекпен кезек жылы сөз айтып, бір – біріне беру арқылы көбейіп « тілек шоғы » болып, педагогтың өзіне оралды. « Кімде – кім жақсылық жасап, жылы тілек білдірсе, ол өзіне қайта «тілек шоғын болып жақсылықпен оралады »Видео көрсету: дала гүлдері, бақ гүлдері. Бөлме гүлдері.</p> <p>Жұмбақ. Адамдардың бәрі қызығады, ұстай берсе сәні бұзылады. Аналарға сыйлайтын Аралар бал жинайтын. Бұл немене, балалар, Үзуге адам қимайтын. (Гүл) Дұрыс айтасыңдар. Гүлдер неше түрге бөлінеді? Дала гүлдері, бақша гүлдері, бөлме гүлдері жарайсындар балалар. Не себептен олай бөлінеді? « Ойлан тап » Д/ойын Педагог допты балаларға лақтырады: бөлме және бақша гүлдерін атын атауды ұсынады. Гүлдің атын атағанбала допты педагогке қайтарып береді.</p> <p>I – топ Бояу мен сурет салады II – топ гупка арқылы сурет салады</p> <p>Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам, Қанатымды бірге қағып, Гүлдей болып жайқалам, Дала гүлдері (бақбақ, түймедақ) Бақша гүлдері (раушан, қалампыр) Бөлме гүлдері (қытай раушан гүлі, қоңырау гүлі) Балаларды мадақтау, көрме ұйымдастыру.</p> <p>Еркін ойын Гүлдерден басына шапка, білезік тоқу. Вазаға әдемі гүлдер салу.</p> | |
| ҰОҚ қорытындысы | <p>Біз бүгін немен таныстық? Гүлдер нешеге бөлінеді? Не себептен бақ гүлі, бақша гүлі, бөлме гүлі деп атаймыз?</p> | |
| Күтілетін нәтижелер: | <p>Нені біледі: дала гүлдерін гүлдердің түстерін. Нені иереді: гүлдерді бостан-босқа жұлуға болмайтындығын. Білу керек: гүлдердің пайдасы туралы сұрақтарға толық жауап берді.</p> | |